

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 394 бұйрығына езгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 835 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 17993 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 218 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2020 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
РҚАО - ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 394 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11308 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 25 маусымда жарияланған) мынадай езгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына атtestаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сараптама ұйымдарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) 1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция
генерал-полковнигі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
2018 жылғы "___"

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 835 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 394 бұйрығына
1-қосымша

"Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді үйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына атtestatтау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Төтенше жағдайлар комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.gov.kz. веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі порталға құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап – 7 (жеті) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық (толығымен автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өрттердің алдын алу және оларды сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұйымдарда, елді мекендерде және объектілерде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында қарастырылған негіздер бойынша мемлекеттік көрстетілетін қызмет көрсетуге бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны электрондық.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәланырылған электрондық құжат түрінде жолданады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы, сонымен қатар көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті аттестаттау туралы өтініш;

2) "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 783 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9942 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 783 бүйрық) бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі өрт сөндіру автомобилідерінің өртті сөндіруге әзірлігін техникалық байқау актісінің электрондық көшірмесі;

3) "Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курсарының бағдарламасын, сондай-ақ оларды біргені туралы қуәліктің үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 қаңтардағы № 48 бүйрығының 2-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10382 болып тіркелген) сәйкес нысан бойынша мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курсарын аяқтағаны туралы қуәліктердің электрондық көшірмесі.

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, көлік құралдарының бар-жоғы (көрсетілетін қызметті алушы көлік құралының тіркеу нөмірін және көлік құралы қуәлігінің тіркеу нөмірін көрсеткен кезде), жұмыскерлерді, өрт сөндіру құтқару техникасын, жабдық пен құрал-жабдықты орналастыруға арналған объектінің бар-жоғы (көрсетілетін қызметті алушы жылжымайтын мүліктің кадастрылық нөмірін көрсеткен кезде), жұмыскерлерде жүргізуші қуәліктерінің бар-жоғы (

көрсетілетін қызметті алушы жұмыскерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде), көлік құралдарының міндепті техникалық байқау (көрсетілетін қызметті алушы көлік құралының тіркеу нөмірін көрсеткен кезде), жұмыскерлердің білімі және еңбек қызметі (көрсетілетін қызметті алушы жұмыскерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде) туралы, сонымен қатар психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдардан мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар мен объектілердің № 783 бұйрықпен бекітілген мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті аруды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы сottың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы болып табылады.

3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол тапсырылады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркелу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 8000 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өндөу барысында (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына немесе портал арқылы келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға поштамен, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзгеде талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің - www.emer.gov.kz, "Байланыстар" бөлімі;
- 2) Министрліктің - www.mvd.gov.kz, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі құрылымдық бөліністері" баннері, "Қазақстан Республикасы Ішкі

істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті" бөлімі, "Байланыстар" кіші бөлімі.

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz, www.elicense.kz.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің байланыс телефоны 8 (7172) 60-21-33, Бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары 1414, 8 8000 080 7777.

"Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттесттаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы Аттестат № _____ аттестат нөмірі

Осы аттестат _____

занды мекенжайы

— — — — мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің атауы

ұйымдарда, елді мекендер мен объектілерде өрттің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін

қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына

берілді

мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің түрі

Төраға

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Астана қаласы 20 жылғы "___"

"Мемлекеттік емес өртке қарсы

қызметтерді ұйымдардағы, елді

мекендердегі және

объектілердегі өрттердің алдын

алу және сөндіру, өрт

қауіпсіздігін қамтамасыз ету

және авариялық-құтқару

жұмыстарын жүргізу жөніндегі

жұмыстарды жүргізу құқығына

аттестаттау" мемлекеттік

көрсетілетін қызмет

стандартына

2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Төтенше жағдайлар

комитетінің төрағасына

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті аттестаттау туралы өтініш

Сізден қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін қарауды және

мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің атауы

мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің түрі

ұйымдарда, елді мекендер мен объектілерде өрттің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін

қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат беруіңізді сұраймын.

Бизнес сәйкестендіру номірі:

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің орналасқан жері:

Меншік құқығында не өзгеде занды құқықта көлік қуралының бар-жоғы туралы мәліметтер:

Мемлекеттік номірлік белгінің (тіркеу номірі) _____

Техникалық паспорттың сериясы және номірі _____

Меншік құқықта не өзгеде занды құқықта қызметкерлерді, өрт сөндіру-құтқару техникасын,

жабдық пен жаракты орналастыруға арналған объектінің бар-жоғы туралы мәлімет:

Жылжымайтын мүліктің кадастрық номірі _____

Қызметкерлердің жеке сәйкестендіру номірлері:

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қоргалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

күні

— — — — —
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 835 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдеғі
№ 394 бұйрығына
4-қосымша

"Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сараптама үйымдарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сараптама үйымдарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Төтенше жағдайлар комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz. веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі порталға құжаттар топтамасын тапсырган кезден бастап – 7 (жеті) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәтten бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық (толығымен автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша аккредиттеу атtestаты немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында қарастырылған негіздер бойынша мемлекеттік көрстетілетін қызмет көрсетуге бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы, сонымен қатар көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметі көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш береді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, ғимараттың немесе үй-жайдың бар-жоғы, көрсетілетін қызмет алушы жұмыскерлерінің білімі және еңбек қызметі (көрсетілетін қызметті алушы жұмыскерлердің жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алатын күн көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігінің анықталуы;

2) "Сараптама ұйымдарына қойылатын рұқсат беру талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 110 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10496 болып тіркелген) бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға сараптама ұйымдарына қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы талап ететін жекелеген қызмет

түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды құшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына № 010000, Астана қаласы Тәуелсіздік даңғылы, 1 мекенжайы бойынша Министрліктің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол тапсырылады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 8000 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өндөу барысында (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына немесе портал арқылы келіп түсken көрсетіletіn қыzmettі alushyның shaғымы tіrkelgen kүnnen bastap bes jұmysis kүnі iшіnde қaralugа жatadы. Shaғымды қaraу nәtiжесі turалы dәleldі жауап kөrsetіletіn қыzmettі alushyғa poшtamen, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жіberіledі ne kөrsetіletіn қыzmettі берушіnің keңesеiнде қolma-қol berіledі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсегудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсете орнының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналасқан:

1) көрсетілетін қызметті берушінің - www.emer.gov.kz, "Байланыстар" бөлімі;

2) Министрліктің - www.mvd.gov.kz, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі құрылымдық бөліністері" баннері, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті" бөлімі, "Байланыстар" кіші бөлімі.

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz, www.elicense.kz.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсегудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің байланыс телефоны 8 (7172) 60-21-33, Бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары 1414, 8 8000 080 7777.

"Өрт қауіпсіздігі
саласындағы аудит бойынша
сараптама ұйымдарын
аккредиттеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы АККРЕДИТТЕУ АТТЕСТАТЫ №_____ аккредиттеу аттестатының нөмірі ОСЫ АККРЕДИТТЕУ АТТЕСТАТЫ

Ұйымның заңды мекенжайы

БЕРИЛДІ

Ұйымның атауы

және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 19-2) тармақшасына сәйкес осы

сараптама ұйымы өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша жұмысты орындауға аккредиттегендегі күеландырады.

Сараптама ұйымдарының мемлекеттік тізілімінде аккредиттеу аттестатын тіркеу күні

Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі

бастап _____ дейін

Төраға _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

"Орт қауіпсіздігі
саласындағы аудит бойынша
сараптама ұйымдарын
аккредиттеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет

стандартына
2-косымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Төтенше жағдайлар
комитетінің төрағасы

**Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға
аккредиттеу туралы өтініш**

Сізден қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін қарауды және

(ұйымның атауы)

өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит жөніндегі қызметті жүзеге асыруға
аттестат беруінізді сұраймын.

Ұйымның орналасқан жері: _____

Заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)
туралы қуәліктің № және күні

Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қоргалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ (күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК